



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ЗЕРТТЕУЛЕР

3

www.ombudsmanbiz.kz

2022



МАЗМҰНЫ

1. «Іскерлік ахуал-2021» тәуелсіз рейтингінің басты нәтижелері

1.1. Өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингі	2
1.2. Сауалнама факторлары бөлінісінде өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингінің нәтижелері.....	3
1.3. Пандемия және бизнес.....	5

2. Сыбайлас жемқорлыққа арнайы шолу

2.1. Зерттеу параметрлері.....	10
2.2. Басты қорытынды.....	11
2.3. Сыбайлас жемқорлыққа тартылу.....	12
2.4. Пандемия факторы.....	18
2.5. Сыбайлас жемқорлық практикасы.....	23
2.6. Салалар бойынша сыбайлас жемқорлықты талдау.....	29

3. Әкімшілік қысым индексі

3.1. Бағалау параметрлері	37
3.2. Әкімшілік қысым индексін пысықтау нәтижелері.....	38
3.3. Әкімшілік қысым индексін пилоттық есептеу негізіндегі басты тұжырымдар.....	39
3.4. Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік.....	40
3.5. Өрт қауіпсіздігі.....	42
3.6. Салықтар.....	44



1. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» ТӘУЕЛСІЗ РЕЙТИНГІНІҢ БАСТЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

1.1. Өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингі




14 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада сауалнама жүргізілді



Сауалнамаға 3055 респондент қатысты



Қатысушылардың 84%-ы 6 жылдан астам уақыт нарықта



- Рейтингтің басында 0,57 рейтингімен Шымкент қаласы тұр
- Елдің 10 субъектінде рейтинг орташа республикалық мәннен төмен
- Алматы, Ақтөбе облыстарында және Астана қаласында ең төмен рейтинг

«Іскерлік ахуал-2021» рейтингі **0,35**

Адами капитал	0,50
Қаржыға қолжетімділік	0,46
Технология және өндіріс	0,44
Реттеуші орта	0,43
Мемлекеттік қолдау	0,32
Инфрақұрылым	0,22
Өткізу нарығы	0,07

Рейтинг -1-ден 1-ге дейінгі мәндерді қабылдай алады. «-1» кәсіпкерлердің 100%-ы факторларға риза емес, «1» - кәсіпкерлік субъектілерінің 100%-ы бизнесті жүргізу шарттарының факторларына қанағаттанғанын білдіреді

0,6-1	жақсы жағдай
0,4-0,6	шекті жағдай
0-0,4	шекті жағдайға жақын
0-(0,4)	шекті жағдай деуге келмейді
(-0,4)-(-0,6)	жол беруге болмайтын жағдай
(-0,6)-(-1)	Қолжетімсіз нашар жағдай



1.2. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өңірлер бойынша сауалнама факторлары бөлінісінде

Адами капитал



Қаржыға қолжетімділік



Технология және өндіріс



Реттеуші орта



нашар жағдай, түсіну қиын
(-1)-(-0,6)

жол беруге болмайтын
жағдай (-0,6)-(-0,4)

шекті жағдай деуге
келмейді (-0,4)-0

шекті жағдайға жақын
0-0,4

шекті жағдай
0,4-0,6


жақсы жағдай
0,6-1



1.2. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өңірлер бойынша сауалнама факторлары бөлінісінде


Мемлекеттік қолдау



Бизнестің инфрақұрылымы



Өткізу нарықтары



нашар жағдай, түсіну қиын
(-1) (-0,5)

жол беруге болмайтын
жағдай (-0,5) (-0,4)

шекті жағдай деуге
келмейді (-0,4) -0

шекті жағдайға жақын
0 -0,4

шекті жағдай
0,4 -0,6

жақсы жағдай
0,6 -1




1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Кәсіпкерлер үшін карантиндік жыл қандай болды?

Бірнеше рет жұмыс істеуге толық шектеу қойылған кезде бизнесті сақтап қалу қиын болды ма?

Ақмола облысының, Астана және Шымкент қалаларының кәсіпкерлері 6 айдан астам уақыт карантиндік қызыл аймақта болды





1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері карантиннен кейін қалай қалпына келді

Пандемия кезінде енгізілген карантиндік шаралардан кейін әрбір бесінші бизнес жабылып қалды



4%

Жоқ, карантин кезінде қызметіміз тоқтады, қайта жандандыра алмадық



14%

Жоқ деуге болады, өйткені біршама қиындық бар, әрең жұмыс істеп жатырмыз



10%

Карантиндік шаралар біздің бизнесімізге кері әсерін тигізе қойған жоқ



48%

Иә деуге болады, біршама қиындық бар, дегенмен жұмысымыз жанданып келеді




24%


Иә, бизнес толық жанданды

Карантиндік шаралардан ең көп жапа шеккен шағын бизнес


Ірі бизнес



Орта бизнес



Шағын бизнес





1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері қарантиннен кейін қалай қалпына келді

2020-2021 жж. кәсіпкерлердің 16% ғана пандемия шеңберінде мемлекеттік қолдауға қол жеткізді



Иә, алдым



Иә, алдым, бірақ
қолдаумен қатар қиындыққа
тап болдым



Жоқ, алған жоқпын,
бірақ жоспарда бар






Жоқ, алған жоқпын,
тіпті қолдау туралы
білмейді де екенмін



Жоқ, алған жоқпын,
жоспарымда да жоқ

Шағын бизнеске мемлекеттік қолдау өте аз көрсетілді






1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері карантиннен кейін қалай қалпына келді



4 өңірде
бизнесмендердің
60-70% жағдай
нашарлады дейді



4 облыста көптеген
объектілер қалпына
келе алмады



Шымкент кәсіпкерлері
шаралардың
ықпалының жоқтығы
туралы көбірек айтады



17 өңірдің 14-де
ШОБ-тың 60%-дан
астамы карантиннен
кейін қалпына келтірілді






1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Атырау (18,4%), Павлодар (19,1%), Ақтөбе (15,9%) облыстарының және Астана қаласының (18,2%) кәсіпкерлері соңғы 12 айда **төлем мөлшері ұлғайды** деген пікірде.

Ақмола (19,9%), Қарағанды (17,5%), Павлодар (17,9%) облыстарының және Алматы қаласының (15,6%) кәсіпкерлері **төлем жиілігі артты** деген пікірде.





2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА АРНАЙЫ ШОЛУ

2.1. ЗЕРТТЕУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Зерттеу міндеттері

- 8 сала және 16 орталық, жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар бөлінісінде бизнестің сыбайлас жемқорлыққа тартылу деңгейін анықтау
- Бизнестің әртүрлі салалардағы мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасы кезінде сыбайлас жемқорлықтың таралуын талдау
- Сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық ететін субъектілерді анықтау
- Мемлекетте қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау



Сауалнама негізінде **5 884** ШОК субъектісінен пікір алынды (өңірге байланысты 339-дан 356 ШОК дейін)



ШОК өкілдерінің қатысуымен **70** сұхбат жүргізілді



Қазақстанның **17** өңірінде зерттеу жүргізілді



Сыбайлас жемқорлық факторының бизнесті дамытуға әсер ету индексін есептеу үшін **4 балдық** шкала пайдаланылды

Жоқ Жоқ-қа жақын Иә-ға жақын Иә

1 2 3 4

Зерттеу объектілері

Орталық мемлекеттік органдар
Жергілікті атқарушы органдар

Дареге	Сала	Мемлекеттік орган
1	Тасымалдау және логистика	Көліктік бақылау инспекциясы
2	Кедендік әкімшілендіру	Сыртқы шекаралардағы кедендік бақылау қызметі ЕЭО шекараларындағы экспорттық бақылау қызметі
3	Құрылыс	Мемлекеттік саулет-құрылыс (қала құрылысы) бақылау басқармасы Құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасы
4	Жер қатынастары	Жер қатынастары басқармасы (бөлімі) Жер кадастры және жылжымайтын мүлкті техникалық тексеру департаменті
5	Салықтық әкімшілендіру	Салық қызметі (МҚД)
6	Экология	Экология департаменті Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
7	Мемлекеттік сатып алулар	Мемлекеттік сатып алу басқармасы Ауыл шаруашылығы басқармасы
8	АӨК	Аумақтық инспекция Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Ветеринария басқармасы, ветеринария бөлімдері АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясы



2.2. БАСТЫ ҚОРЫТЫНДЫ

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпкерлердің **сыбайлас жемқорлыққа тартылуы 2019 жылдағыдай 60%** деңгейінде сақталған. Сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауға сыбайлас жемқорлық төлемдерінің мөлшері оларды төлеу жиілігіне қарағанда көбірек әсер етеді.
- 2019 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлық жағдайында **заңсыз әрекет етуді және өз мүдделерін қорғау үшін мәселені сыбайлас жемқорлық тәсілімен шешуді қалайтын кәсіпкерлердің үлесі 3%-ға өсті.**
- **«Сыбайлас жемқорлық баста».** Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі **ШОК өкілдерінің құқықтық сауаттылығының төмен деңгейі** болып қала береді: **43%-ы** өз құқықтары мен заңды білмегендігін алға тартты; **сыбайлас жемқорлықты әдет** деп санайтындардың үлесі артқан, олар қосымша ақыға әуре-сарсаңға салынбай, мәселені тез шешуге болады деп ойлайды (**32%**).
- **Пандемия кезеңіндегі сыбайлас жемқорлықтың 2 негізгі шартын** бөліп көрсетуге болады:
 - бизнес карантиндік шектеулерді айналып өтіп, бір қалыпты жағдайды сақтау үшін сыбайлас жемқорлық механизмін қолданады;
 - бизнес мемлекеттік қолдау бағдарламаларына ену үшін сыбайлас жемқорлыққа барады.
- Мемлекет өкілі орта есеппен **55% жағдайда (49% – 2019 жылы, 43% – 2018 жылы)** сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық етсе, кәсіпкер – **20% жағдайда (36% – 2019 жылы, 49% – 2018 жылы)** жол береді.
- Сауалнама көрсеткіштері негізінде 2021 жылға арналған **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тиімділігінің индексі 68,8%-ды құрайды (-1-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша 0,36)**. Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қолданылатын жазаны қатаңдатуға бағытталған шараларды таңдауы арта түсті.
- **Сыбайлас жемқорлық факторының ықпалы жоғары** топқа 5 өңір кірді: Маңғыстау, Атырау, Қызылорда облыстары, Алматы және Шымкент қалалары.
- **Сыбайлас жемқорлық факторы төмен** топқа 4 өңір кірді: СҚО, Павлодар, Қостанай облыстары және Астана қаласы.
- **Мемлекеттік органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты түскен өтініштердің басым бөлігі салық саласында тіркелді (92%),** ең төменгісі – АӨК саласында (3%).
- **Сыбайлас жемқорлық жағдайлары жиі кездесетін салалар** – жер қатынастары және құрылыс.
- Көлік-логистикалық (**-13%**), кедендік әкімшілендіру кезінде (**-11%**), экологияда (2 есе) **сыбайлас жемқорлық жағдайлары төмендеген.**
- **Мемлекеттік сатып алу саласында** өтініштер саны және сыбайлас жемқорлық жағдайлары саны іс жүзінде өзгерген жоқ.
- **Параның орташа ең төменгі мөлшері** 2019 жылмен салыстырғанда, барлық салалар бойынша ұлғайды (көбінесе 10 000 теңге).
- Параның ең жоғары мөлшері – **экология саласында (1,5 млн. тт).**




2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ (2017, 2019, 2021 ЖЫЛДАР БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ДЕРЕКТЕР)

2021 жылы Қазақстанда бизнесті табысты жүргізу үшін мемлекеттік орган өкілдеріне пара берудің қажеті жоқ деп есептейтіндердің үлесі **60%** деңгейінде қалды.

Сұхбат көрсеткендей, кәсіпкерлер арасында соңғы екі жылдағы елдегі сыбайлас жемқорлық динамикасына қатысты даулы пікір бар. Бір бөлігі осы кезеңде елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеді, жағдай жақсарды деп санайды.

Сонымен қатар, елімізде өткен кезеңде сыбайлас жемқорлық мөлшері төмендеген жоқ деп есептейтіндердің саны да аз емес (**40%**)






2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлық факторының бизнесті дамытуға әсер ету индексі

2019 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлықтың өңірдегі бизнесті дамытуға әсер ету индексі:

- Алматы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында айтарлықтай жақсарды;
- Алматы және Шымкент қалаларында, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында айтарлықтай нашарлады.



Индекс орташа арифметикалық негізде есептеледі және 1-ден 4-ке дейін өзгереді, мұнда: мән неғұрлым төмен болса, сыбайлас жемқорлық факторының аймақтағы бизнесті дамытуға әсері соғұрлым жоғары болады



2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлық факторының республикалық ықпал ету картасы

Әсер ету
көрсеткіші төмен
өңірлер тобы


СҚО,
Павлодар,
Қостанай облыстары,
Астана қаласы

Әсер ету
көрсеткіші орташа
өңірлер тобы

Ақтөбе, Түркістан,
Жамбыл, Алматы,
Ақмола, Қарағанды
облыстары,
ШҚО, БҚО

Әсер ету
көрсеткіші жоғары
өңірлер тобы

Атырау, Маңғыстау,
Қызылорда облыстары
Алматы және
Шымкент қалалары



Сыбайлас жемқорлық факторының орташа әсер ету деңгейі бар өңірлер тобы көп (8 өңір)



2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Өңірлердегі сыбайлас жемқорлық жағдайы (салалар бойынша)

Сала Мемлекеттік орган	Салықтық әкімшілендіру (91%, 5349 жағдай)		Тасымалдау және логистика (13,1%, 772 жағдай)		Мемлекеттік сатып алу (8,2%, 484 жағдай)		Кедендік әкімшілендіру (9,1%, 537 жағдай)				
	Облыс		Салық қызметі (МҚД)		Көліктік бақылау инспекциясы		Мемлекеттік сатып алу басқармасы		Сыртқы шекаралардағы кедендік бақылау қызметі (КБК)		ЕЭО шекараларындағы экспорттық бақылау қызметі (ЗБК)
Ақмола	100%	4%	96%	16%	100%	35%	63%	17%	53%	20%	
Ақтөбе	99%	1%	50%	8%	65%	12%	20%	---	53%	13%	
Алматы	88%	15%	66%	3%	72%	9%	73%	13%	73%	13%	
Атырау	86%	7%	89%	40%	84%	25%	---	13%	85%	64%	
БҚО	90%	8%	81%	16%	38%	18%	42%	18%	81%	24%	
Жамбыл	100%	10%	91%	20%	88%	36%	54%	70%	81%	60%	
Қарағанда	95%	9%	67%	10%	92%	17%	66%	5%	94%	10%	
Қостанай	82%	8%	71%	47%	59%	10%	69%	22%	85%	27%	
Қызылорда	80%	1%	80%	4%	41%	---	33%	---	83%	---	
Маңғыстау	86%	46%	77%	20%	67%	100%	13%	---	25%	---	
Түркістан	98%	27%	90%	---	80%	50%	44%	25%	56%	---	
Павлодар	92%	1%	92%	51%	100%	45%	40%	25%	60%	17%	
СҚО	83%	1%	75%	11%	19%	---	65%	9%	94%	6%	
ШҚО	95%	3%	69%	19%	82%	25%	44%	14%	44%	14%	
Астана қаласы	76%	5%	83%	27%	89%	12%	55%	6%	66%	5%	
Алматы қаласы	100%	23%	84%	44%	50%	38%	63%	55%	86%	47%	
Шымкент қаласы	99%	31%	95%	21%	91%	40%	70%	28%	77%	26%	
ел бойынша	92%	12%	80%	25%	71%	21%	55%	26%	75%	26%	

Маңғыстау облысында салық саласында сыбайлас жемқорлық көрсеткіші өте жоғары.

Павлодар және Қостанай облыстарында көліктік бақылау инспекциясында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.

Маңғыстау және Түркістан облыстарында Мемлекеттік сатып алу басқармасында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.

Атырау және Жамбыл облыстарында ЗБК-не жүгінген кезде сыбайлас жемқорлықтың жоғары үлесі байқалады.

Жамбыл облысы мен Алматы қаласында КБК-не жүгінген кезде сыбайлас жемқорлықтың жоғары үлесі байқалады.

■ өтініштер саны
■ сыбайлас жемқорлық жағдайларының пәл үлесі



2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Өңірлердегі сыбайлас жемқорлық жағдайы (салалар бойынша)

Сала Мемлекеттік орган Облыс	Құрылыс (7,4%; 433 жағдай)				Жер қатынастары (10,2%; 601 жағдай)				Экология (7,7%; 456 жағдай)			
	МСҚБ		ҚСҚҚБ		Жер қатынастары басқармасы (бөлімі)		Жер кадастры департаменті		Экология департаменті		Табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	
Ақмола	41%	---	77%	---	51%	22%	51%	17%	56%	30%	78%	21%
Ақтөбе	63%	---	81%	8%	60%	11%	67%	---	71%	7%	52%	18%
Алматы	33%	17%	72%	8%	75%	23%	65%	23%	37%	20%	41%	9%
Атырау	57%	38%	64%	33%	87%	65%	70%	69%	62%	25%	46%	33%
БҚО	72%	6%	84%	10%	73%	18%	60%	22%	57%	50%	71%	60%
Жамбыл	55%	78%	76%	49%	63%	36%	36%	60%	88%	29%	50%	50%
Қарағанды	50%	---	75%	---	74%	---	63%	---	85%	---	75%	---
Қостанай	85%	18%	85%	9%	91%	5%	68%	7%	88%	43%	88%	29%
Қызылорда	4%	---	96%	---	26%	---	74%	---	38%	---	58%	---
Маңғыстау	25%	---	75%	33%	100%	100%	100%	100%	67%	---	33%	---
Түркістан	100%	55%	100%	46%	86%	47%	82%	50%	89%	---	67%	---
Павлодар	100%	40%	100%	60%	67%	100%	---	---	80%	---	20%	---
СҚО	33%	---	67%	---	84%	12%	81%	8%	83%	4%	10%	8%
ШҚО	46%	17%	85%	27%	61%	9%	50%	11%	53%	---	47%	---
Астана қаласы	54%	8%	75%	6%	66%	10%	66%	24%	87%	12%	41%	6%
Алматы қаласы	67%	---	80%	---	64%	44%	64%	33%	71%	5%	32%	22%
Шымкент қаласы	93%	15%	93%	8%	60%	33%	45%	33%	46%	17%	31%	25%
ел бойынша	54%	26%	81%	17%	66%	26%	59%	25%	70%	10%	40%	14%

* Мемлекеттік органға қатысты түскен шағым үлесі 3% төмен болған жағдайда, көрсеткіш талдауға енгізілмейді.

Құрылыс саласында Жамбыл және Түркістан облысының кәсіпкерлері МСҚБ-мен өзара қарым-қатынас жасау кезінде сыбайлас жемқорлық жағдайларына жиі ұшырайды. ҚСҚҚБ-мен өзара қарым-қатынас кезінде Павлодар және Жамбыл облыстарында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.

Жер қатынастары саласында көптеген өңірлерде Жер қатынастары басқармасында сыбайлас жемқорлықпен жиі кездеседі; көбінесе - Маңғыстау, Павлодар және Атырау облыстарында. Айта кету керек, Маңғыстау облысы жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлық жағдайлары бойынша «рекордмен» болып табылады.

Экология саласында сыбайлас жемқорлықпен Экология департаментінде жиі кездеседі; көбінесе - БҚО және Жамбыл облыстарында.

■ өтініштер саны
■ сыбайлас жемқорлық жағдайларының пәт үлесі



2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау

Сауалнама нәтижелері бойынша 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тиімділігінің индексі сауалнама көрсеткіштері негізінде 68,8%-ды құрайды (-1-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша 0,38 Б.)



- 77,1% Сыбайлас жемқорлыққа жол берген құқық қорғау органдары қызметкерлері мен судьялардың жауапкершілігін қатаңдату
- 75,7% Қол астында қызмет атқаратын қызметші сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда басшысын қызметінен босату және тәртіптік жауапкершілікке тарту
- 74,0% Мемлекеттік қызмет көрсетудің мобильді (электрондық) форматын ауқымды дамыту
- 72,8% Жемқорларды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу



- 66,5% Мемлекеттік органдарда жақын туыстардың бірлескен жұмысын шектеу
- 66,0% Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі
- 60,7% Мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтар беруге және алуға толық тыйым салу
- 55,8% Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын ұлғайту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара ретінде мемлекеттік қызметшілердің жалақысын ұлғайту кәсіпкерлер арасында ең төмен қолдауға ие болды (55,8%; 12-ші, соңғы орын).




2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпкерлердің көпшілігі соңғы 12 айда мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне төленетін бейресми төлемнің жиілігі де, мөлшері де өзгеріссіз қалды немесе төмендеді деген пікірде. Бұл ретте әрбір төртінші (25-29%) респондентке жауап беру қиынға соқты.

Сіздің бағалауыңыз бойынша, соңғы 12 айда (карантиндік шаралар жағдайында) бизнес тарапынан мемлекеттік органдарға төленген бейресми төлемдердің жиілігі мен мөлшері ұлғайды ма, төмендеді ме, әлде өзгеріссіз қалды ма? , %



Бірақ сұхбатқа қатысушылар пандемияның елдегі экономикалық жағдайға тигізген кері әсері мен мемлекет әртүрлі деңгейлерде жүргізген және жүргізіп жатқан антиковидтік саясаттың шығындарымен байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуі туралы гипотезаны растады.

2 негізгі шартқа назар аудару керек:


- бизнес карантиндік шектеулерді айналып өту үшін және өз қызметін бірқалыпта ұстап қалу үшін сыбайлас жемқорлық механизмін пайдаланады;
- бизнес мемлекеттік қолдау бағдарламаларына ену үшін сыбайлас жемқорлық мәмілелеріне қатысады.



2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Корреляциялық талдау бейресми төлемдердегі өзгерістер мен сыбайлас жемқорлықтың өңірдегі бизнестің дамуына әсерін бағалау арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың ықпал ету көрсеткіші мен сыбайлас жемқорлық төлемінің мөлшері арасындағы байланыс ($r=0.214$) сыбайлас жемқорлықтың ықпал ету көрсеткіші мен осы төлемдердің жиілігімен ($r=0.173$) байланысқа қарағанда анағұрлым тұрақты ($r = 0.214$). Бұл 2021 жылдағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауға сыбайлас жемқорлық төлемдерінің мөлшері төлем жиілігіне қарағанда көбірек әсер етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.





2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия кезеңіндегі жемқор мемлекеттік органдардың Топ-10

Соңғы 12 айда қызметкерлері кәсіпкерлерден мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бейресми төлем/қызмет/көмек/сыйлық талап еткен мемлекеттік органдардың топ-10

«Полиция тыныш жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді»; «Менде Өзбекстаннан келген адамдар жұмыс істейді. бригадамның жартысы шетел азаматтары. Күн сайын полицияға жұмысшыларымды алып кетпесін деп пара беруге мәжбүр болым. Барлығының рұқсаты болса да, олар кез келген жерден сылтау табады».

«Салық қызметінде менің жақсы танысым бар. Мен оған үнемі пара беріп тұрамын. Мен оған 5 мың беремін, ол менің қасалық аппаратымның жоқтығына көз жұма қарайды. Маған осылай жұмыс істеген оңай»; «Мен төлеген сыйақы сомасы 20-40 мың теңгеден басталады»; «**Сұхбат алушы: алғысты ақшалай төлейсіз бе, әлде сыйлық түрінде ме?** Сұхбаттасушы: әрине, ақшалай, салық қызметкерлерімен әзілдесуге болмайды»


Мемлекеттік орган	Жиілігі	%
Салық	506	8,6%
СЭС	355	6,0%
Учаскелік полиция қызметкерлері	246	4,2%
Өртке қарсы қызмет	201	3,4%
Кеден	81	1,4%
Әкімдік	72	1,2%
Жер комитеті	49	0,8%
Мемлекеттік кірістер басқармасы	29	0,5%
Патрульдік полиция	28	0,5%
Экология департаменті	25	0,4%

«Карантиндік шаралар, иә, әрине. СЭС бізді жиі тексереді. Олардың шарттары біздікімен сәйкес келмейді. Сондықтан бұл мәселелерді қандай да бір жолмен шешу керек. Біз оңай жолды таңдаймыз. Ақша беру оңайырақ және мәселе тез шешіледі»



2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының себептері (1)





2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ


Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының себептері (2)

- **2021** жылы сыбайлас жемқорлықтың себептерін таңдауда «кәсіпкерлердің өз құқықтары мен заңдарды білмеуіне» және «мәселелерді заңды жолмен шешу жолдары туралы толық хабардар болмауына» назар аударар болсақ, **2019** жылғы үрдіс сақталып отыр. Бұл ретте «**мемлекеттік органдар қызметкерінің мәселені шешуді әдейі кешіктіруі**» және «**мемлекеттік органдар қызметкерінің неғұрлым сапалы қызметіне қол жеткізуге деген ұмтылыс**» себебі қайтадан өсе бастады.
- Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық жағдайына түсуінің **негізгі себебі** олардың бизнес субъектілері ретіндегі өз құқығы мен заңдарды білмеуі болып қала береді (43%).
- **Екінші ең көп тараған себеп** - кәсіпкерлердің мемлекеттік қызметті алу үдерістерін жеделдетуге деген ұмтылысы (31%).
- **2017 және 2019** жылдардағы сауалнамалармен салыстырсақ, «әдет, қалыптасқан пікір», «мәселе бойынша заңнамалық реттеудің жетілмегендігі» және «**нормативтік-техникалық құжаттар мен НҚА-ның өзекті редакцияларының түсініксіз болуы**» сияқты себептерді таңдау жиілігі артқаны байқалады. Соңғы екі себеп бойынша **2017** жылмен салыстырғанда, көрсеткіштер **төрттен бір бөлікке өсті** (тиісінше **20-дан 28,7%-ға және 14,2-ден 18,4%-ға дейін**), **бұл елдегі бизнес процестерін заңнамалық қамтамасыз етуге наразылықтың артып келе жатқанын** көрсетеді.
- Сондай-ақ, **2019** жылмен салыстырғанда, кәсіпкерлердің мәселелерді заңды жолмен шешу жолдары туралы нашар хабардар болуы (30,7%) сияқты себептерді таңдау жиілігі өзгерген жоқ.
- **2019** жылмен салыстырғанда, **2021** жылы «мемлекеттік орган қызметкері тарапынан неғұрлым сапалы қызметке қол жеткізу» (25,6-дан 29% - ға дейін) және «Мемлекеттік орган қызметкері тарапынан мәселені шешуді әдейі кешіктіру» (22,6-дан 25,8% - ға дейін) сияқты себептерді таңдау жиілігі қайтадан өсті, бұл бейресми төлемдер өз жұмысын сапалы және уақтылы орындамайтын **мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмысын ынталандыру құралы болып табылатынын** көрсетеді.



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының үлгілері




2021 жылы кәсіпкерлердің мінез-құлқы сәл өзгерді, олар мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас кезінде икемді бола бастады. Мемлекеттік органның талаптары негізді болған жағдайда, олар төлейді; егер бұзушылық негізсіз болса, олар оған қарсы шығуға тырысады. Сыбайлас жемқорлық жағдайындағы орта бизнестің мінез-құлқы стратегиясы «шығын-пайда» арақатынасына байланысты болады



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының үлгілері

<p>Рационалды емес (жетектегі) 29%</p>	<p>Заңға бағынатындар: «айыппұлдарды қоса алғанда, орындауға жүктелген санкцияларды қабылдаймын, дауласпаймын»; 2017: 6,5% 2019: 9,3% 2021: 9,4% «құқық қорғау органдарына жүгінемін» 2017: 12,6% 2019: 10,2% 2021: 11,3%</p>		<p>Үстірт: «мен бірден қажетті соманы төлеймін (пара беремін)» 2017: 6,5% 2019: 6,6% 2021: 8%</p>
<p>Рационалды (ымыраға келмейтін) 70%</p>	<p>Ымыраға келмейтін: «бұзушылықтар болған жағдайда қадағалау органының шешіміне дау айтуға тырысамын, апелляцияға беремін» 2017: 13,9% 2019: 17,9% 2021: 17,2%</p>	<p>Сындарлы: «мен талаптардың шынымен бұзылғанын тексеремін, бұзушылықтарды заңды түрде жоюға қандай шығын (қаржылық, уақытша және т. б.) шығатынын анықтаймын, содан кейін шешім қабылдаймын» 2017: 43,5% 2019: 43,7% 2021: 42%</p>	<p>Өзімшіл: «мен бейресми төлемдерді азайту үшін саудаласамын» 2017: 10,5% 2019: 11,0% 2021: 11,6%</p>
<p>«Заңды» – 38%</p>		<p>«Шекарашылар» (көрінбейтін аймақ) – 42%</p>	<p>«Заңсыз» – 20%</p>


«Егер қандай да бір проблема туындаса, көбінесе кәсіпкер мәселені қысқа уақытта шешу жолын іздейді. Ол қысқа мерзімде, тез арада бәрін шешіп, өз қызметін жалғастырғысы келеді...»



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына себеп болатын не

Сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған кезде кәсіпкерлердің типтік мінез-құлық реакцияларын бағалау үшін зерттеуге қатысушылар мемлекеттік органдардың қызметкерлері бұзушылықтардың бар екендігі туралы хабарлаған және мәселені «бейресми» шешуді ұсынған жағдайда өз құқықтары мен мүлкін қорғай отырып, қалай әрекет етемін дегенді таңдауы керек еді. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары екі параметрге – ұтымдылық пен заңдылыққа байланысты бөлінді.

<p>Рационалды емес (жетектегі) 29%</p>	<p>Бұл заң шеңберінде әрекет етуді жөн көретін және мемлекеттік органдардың қызметкерлері бопсалаған жағдайда құқық қорғау органдарына жүгінетін немесе бейресми мәміле жасасудың орнына айыппұл төлеуді жөн көретін кәсіпкерлер (9-11%)</p>		<p>Бұл мемлекеттік органдармен арада туындаған «бейресми тәсілмен» шешуді қалайтын кәсіпкерлер және бейресми төлемнің белгіленген сомасын сөзсіз төлеуге дайын, осылайша олар өз әрекетінің дұрыс еместігін байқамайтынын көрсетеді (8%)</p>
<p>Рационалды (ымыраға келмейтін) 70%</p>	<p>Бұл заң шеңберінде әрекет етуді жөн көретін және мемлекеттік органдардың қызметкерлері тарапынан бопсалау орын алған жағдайда өз мүдделерін қорғау үшін заңмен белгіленген құралдарды пайдаланатын кәсіпкерлер (17,2%)</p>	<p>Бұл аралық топ, оның өкілдері сыбайлас жемқорлық сияқты құралдың пайдалылығын жоққа шығармайды, дегенмен өз пайдасы мен есептелген тәуекелдер шеңберінде әрекет етеді (42%). Бұл топ туындаған мәселелерді заңды түрде шешу тиімдірек және қауіпсіз болатын жағдайларды бағалау үшін әрекет етеді, яғни бақылайды</p>	<p>Бұл мемлекеттік органдармен арада туындаған мәселелерді «бейресми тәсілмен» және бейресми төлем мөлшерлемесін төмендету бойынша келіссөздер жүргізу арқылы шешуді қалайтын кәсіпкерлер (11,6%)</p>
<p>«Заңды» – 38%</p>		<p>«Шекарашылар» (көрінбейтін аймақ) – 42%</p>	<p>«Заңсыз» – 20%</p>



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Салалар бойынша бейресми төлемдердің ең төменгі сомаларының орташа көрсеткіштері, теңгемен: орташа және медианалық мөлшерлемелердің айқын өсуі

№	Сала	Ең төмен бейресми төлем			
		2019		2021	
		орташа	медиана	орташа	медиана
1.	Агроөнеркәсіптік	57 205	27 500	63 809	50 000
2.	Мемлекеттік сатып алу	79 250	35 000	403 782	100 000
3.	Жер қатынастары	65 769	50 000	120 988	50 000
4.	Салық	26 505	10 000	30 995	10 000
5.	Құрылыс, саулет және қала құрылысы	69 152	50 000	218 125	200 000
6.	Кедендік әкімшілендіру	40 971	20 000	85 592	50 000
7.	Көлік-логистика	33 236	10 000	59 545	50 000
8.	Экология	17 100	5 000	108 721	50 000



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

№	Сала	Салалар бойынша бейресми төлемдер сомасының орташа көрсеткіші, теңгемен	Салалар бойынша бейресми төлемдердің ең жоғары сомаларының орташа көрсеткіші, теңгемен
1.	Агрөонеркәсіптік	294552	525294
2.	Мемлекеттік сатып алу	788766	1173750
3.	Жер қатынастары	354018	587047
4.	Салық	147634	2642723
5.	Құрылыс, сәулет және қала құрылысы	408714	599304
6.	Кедендік әкімшілендіру	273623	461654
7.	Көлік-логистика	276076	492607
8.	Экология	222659	336596

Бейресми төлемнің орташа мөлшері салаға байланысты **147634 теңгеден 788766 теңгеге** дейін өзгеруі мүмкін, ал ел бойынша орташа көрсеткіш **345755 теңгені** құрайды.


Бейресми төлемдердің ең көп сомасы **мемлекеттік сатып алу саласында** тіркелді. Бейресми төлемдердің ең аз сомасы **салық саласында** тіркелген.



2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық еткен субъектілер


2021 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың қызметкерлері бизнеспен өзара қарым-қатынас кезінде мәселелерді бейресми шешудің бастамашысы бола бастады. Мәмілені рәсімдеудегі делдалдардың рөлі де артты.






2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Салық саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	25
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	10
Қызмет бөлімінің басшысы	12
Қатардағы қызметкер (маман, инспектор)	23
Делдал	23

Пара диапазоны



Шарттары	%
Салықтық тексеру актісінде бұзушылықтарды көрсетпеу	28
Қандай да бір іс-әрекетке қатысты түскен шағымды қарағаннан кейін, оң нәтиже шығару	23
Хабарламаға қатысты түскен шағымды қарағаннан кейін, оң нәтиже шығару	22
Бұзушылық туралы әкімшілік хаттаманы ресімдемеу	22
Салық қызметінің қызметкерімен алдын ала сөз байласу («қорғау»)	22


Кәсіпкерлер салық органдарымен басқа мемлекеттік органдарға қарағанда жиі кездеседі.

2021 жылы осы мемлекеттік органмен өзара қарым-қатынас кезінде **сыбайлас жемқорлық жағдайларының жиілігі** төмендеді. Бұл ретте бейресми төлемнің ең төменгі сомасы **1000 теңгеден 5000 теңгеге** дейін артты.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Салық саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	24
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	14
Инспекцияның, бөлімшенің басшысы	15
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	26
Делдал	16

Пара диапазоны



Шарттары	%
Хаттамалар жасау және істерді қарау	40
Көлік құралына рұқсат туралы куәліктерді және / немесе рұқсат карточкаларын беру	34
Көлік айыппұлдарын төмендету	33
Тасымалдау қызметін жүзеге асыратын адамдардың қызметін тексеру	30
Жол жүруге арнайы рұқсаттар беру	27


Соңғы 12 айда көлік-логистика саласындағы мемлекеттік органдармен орта есеппен 10 компанияның 1-і кездесті.

Бұл ретте сауалнама қорытындысы бойынша оң динамика байқалады: **2020 жылы** көлік саласындағы мемлекеттік органдарға жүгінген кәсіпкерлердің **үштен бірі, 2021 жылы төрттен бірі** сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болды.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	20
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	21
Бөлімше басшысы	20
Қатардағы қызметкер (маман, инспектор)	14
Делдал	19

Пара диапазоны



Сыбайлас жемқорлық мәні	%
Тапсырыс берушінің жеңіске жету үшін белгілі бір Жеткізушіге деген қызығушылығы	42
Әлеуетті Жеткізушінің сатып алуда жеңіске жетуге деген қызығушылығы	34
Жеткізушінің орындалған жұмыстарды/ қызметтерді қабылдау актісіне қол қоюға мүдделілігі	30
Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасының ақшалай сыйақы алуға мүдделілігі	27


Сауалнама қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасайтын компаниялар саны 8%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте әрбір бесінші жағдайда сыбайлас жемқорлық орын алды.

Бұл ретте осы салада сыбайлас жемқорлық қатынастары негізінен әлеуетті Жеткізуші мен Тапсырыс беруші арасындағы келіссөздер сатысында туындайды.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Кедендік әкімшілендіру саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі (декларант)	15
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	6
Қызмет қызметкері (маман, инспектор)	28
Кеден өкілі (брокер)	25
Тасымалдаушы	18
Экспедитор	5

Пара диапазоны



Шарттары	%
Жүкті заңсыз тасымалдау	44
Кедендік ережелерді бұзу туралы хаттаманы ресімдемеу	28
Әкелінетін тауардың салмағын төмендету	26
Кедендік сараптама жүргізу	26


Кедендік әкімшілендіру саласында он компанияның біреуі ғана мемлекеттік органдармен бетпе-бет келді.

2021 жылы жүргізілген сауалнама сыбайлас жемқорлық жағдайына түскен адамдар санының төмендегенін анықтады: кеден органдарына жүгінгендердің әрбір төртіншісі кедендік рәсімдерді жеделдету үшін **сыбайлас жемқорлық жағдайын пайдаланды** (ілгеріде әрбір үшіншісі болған еді). Ең төменгі мөлшерлерме **5000 теңгеден 10000 теңгеге** дейін өсті.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	19
Инспекцияның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	12
Инспекция бөлімшелерінің басшысы	23
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	20
Делдал	21

Пара диапазоны



Условия	%
Рұқсат құжаттарын беруден бас тартқан кезде	48
Жобалардың сараптамасын келісу кезінде	25
Құрылысты реконструкциялауға/ қайта жоспарлауға рұқсат алу кезінде	24
Объектілерді пайдалануға беру кезінде	23


Соңғы 12 айда құрылыс саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 7%-ы қарым-қатынас жасады. Бұл ретте **43% жағдайда мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді.**

Көбінесе кәсіпкерлер рұқсат құжаттарын алу үшін **МСҚБ-ға жүгінген кезде** сыбайлас жемқорлыққа тап болады.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Жер қатынастары саласындағы жемқорлық



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	16
Инспекцияның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	17
Инспекция бөлімшелерінің басшысы	18
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	20
Делдал	25

Пара диапазоны



Шарттары/негізі	%
Бизнес қажеттіліктері үшін жер учаскелерін бөлу кезінде	43
Жер комиссиясы шешім қабылдаған кезде	33
Жер учаскелерінің шекараларын қалыптастыру және ретке келтіру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту кезінде	22
Жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде	19


Соңғы 12 айда жер қатынастары саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 7%-ы өзара қарым-қатынас жасады. Бұл ретте өтініш жасалған **әрбір екінші** жағдайда **мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді**.

Сыбайлас жемқорлық мәмілелерінің ең төменгі сомасы барлық салалардың ішіндегі ең жоғарысы болып табылады, **30 000 теңге**.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Экология саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	14
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	22
Мемлекеттік орган бөлімшелерінің басшысы	20
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	19
Делдал	19

Пара диапазоны



Шарттары	%
Экологиялық нормалардың сақталуына тексеру жүргізу кезінде	34
Экологиялық сараптама жүргізу кезінде	32
Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін бекіту кезінде	26
Кәсіптік қызмет үшін алқаптарды бекіту бойынша конкурстар өткізу кезінде	21


Соңғы 12 айда экология саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 8% өзара қарым-қатынас жасады. Бұл ретте өтініш берген **әрбір төртінші жағдайда мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді** (2020 жылы – әрбір екінші жағдайда болған еді).

Экология саласында ең жоғары төлем ставкаларының бірі тіркелді, **1 500 000 теңге**.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

АӨК саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	24
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	15
Мемлекеттік орган бөлімшелерінің басшысы	10
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	23
Делдал	24

Пара диапазоны



Шарттары	%
Ветеринариялық сертификат беру	43
Ветеринариялық паспорттарды, анықтамаларды ресімдеу	32
Ауыл шаруашылығы өнімінің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру	28
Тексеру нәтижелері туралы актіні ресімдеу	22
Ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау (орнын ауыстыру)	17

Кәсіпкерлер АӨК саласындағы мемлекеттік органдармен басқа мемлекеттік органдарға қарағанда аз кездеседі. Бұл ретте **өтініштердің 40%-да мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешіледі.**

Бизнес өтініштерінің ең үлкен үлесі Ауыл шаруашылығы басқармасына және Ветеринария басқармасына тиесілі.



3. ӘКІМШІЛІК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІ

3.1. Бағалау параметрлері

Индекс А1 - индексі - бақылауға жататын ұйымдардың жалпы санынан бақыланатын және қадағаланатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің арақатынасы.

Индекс А2 - анықталған бұзушылықтары бар тексерулер санының тексерулердің жалпы санына қатынасы (индикатор неғұрлым жоғары болса, тәуекелге бағытталған тәсіл соғұрлым тиімді қолданылады).

Индекс А3 - бизнеске қатысты ескертулердің жазалардың жалпы санына қатынасы (бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігін төмендету).

Индекс А4 - айыппұлдардың жалпы санына тексеру жүргізбестен салынған айыппұлдардың арақатынасы.

Индекс А5 - тексеру қорытындылары бойынша бизнес шағымдарының саны (қанағаттандырылды / бас тартылды).

Индекс А6 - бақылау-қадағалау іс-шараларын бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға қатысты жауапкершілік шаралары.

- **14 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаладағы** жағдай талданды.
- Бақылаушы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің **статистикалық деректеріне негізделген.**
- Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік, өртке қарсы қауіпсіздік, салық **салалары** енгізілген.
- Бағалау кезеңі - 2020 жыл және 2021 жылдың 7 айы.



3.2. ӘКІМШІЛІК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІН ПЫСЫҚТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ❑ Өңірлік кәсіпкерлер палаталары бизнеске әкімшілік қысым индексінің негізгі қорытындыларын бизнес-құрылымдар, бақылау-қадағалау органдары және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің назарына жеткізді және 2021 жылғы 30 қыркүйекте өткізілген Бірыңғай есеп күні аясында талқыланды.
- ❑ Талқылау қорытындысы бойынша бизнес пен мемлекеттік органдардан қарсылықтар түскен жоқ.
- ❑ Бизнеске әкімшілік қысым индексінің негізгі қорытындылары ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолданды.
- ❑ Индексті мерзімді пысықтау бизнес субъектілеріне әкімшілік қысымды төмендету үшін жаңа бағдарлар беретін түбегейлі жаңа құрал болады.



3.3. ӘКІМШІЛІК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІН ПИЛОТТЫҚ ЕСЕПТЕУ НЕГІЗІНДЕГІ БАСТЫ ТҰЖЫРЫМДАР

- ✓ Өртке қарсы қауіпсіздік және салық саласындағы бақылау-қадағалау қызметінің **репрессивтілігін төмендету**
- ✓ Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік саласындағы тексеру қорытындылары бойынша **қанағаттанарлық шешілген шағымдардың жоғары деңгейі**
- ✓ Бақылауға жататын ұйымдардың жалпы санынан **бақылауға және қадағалауға ұшыраған кәсіпкерлер үлесінің төмен деңгейі**
- Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің **статистикалық деректерінің ҚР БП ҚСЖАЕК деректерімен сәйкес келмеуі**
- Салық міндеттемелері саласында тексерулер жүргізбестен, **айыппұл салудың жоғары деңгейі**
- ТБЖ негізінде мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігі **мониторингінің жеткіліксіз деңгейі**



3.4. САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

A1 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылауға жататын ЗТ және ЖК

7,45%

бақылауға және қадағалауға
тап болды

Анти-көшбасшы

Атырау (15,8%), Қарағанды (12,0%),
Қызылорда (11,6%), Маңғыстау (10,2%)
облыстары және Астана қ. (11,1%)

Шығыс Қазақстан және Солтүстік
Қазақстан облыстарында ең төмен
көрсеткіш (2,7%)

A2 индексі.

Барлығы ел бойынша

65%

қорытындысы бойынша
бұзушылықтар анықталған
тексерулердің үлесі

Көшбасшы

Түркістан (95,5%), Алматы (90,9%)
облыстары және Шымкент қ. (85,0%),
**тәуекелге бағдарланған тәсілді тиімді
пайдалануды растайды**

Ең төмен көрсеткіш Қостанай (25,10%)
және Павлодар (24%) облыстарында

A3 индексі.

Барлығы ел бойынша

3,2%

жазаға қатысты ескертулердің
үлесі

Көшбасшы

Атырау (22,70%) және Алматы (3,70%)
облыстары

17 өңірдің 11-де көрсеткіштің мәні нөлге
тең, **бұл бақылау-қадағалау қызметінің
репрессивтілігін көрсетеді**



3.4. САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

A4 индексі.

Барлығы ел бойынша

8,5%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі жоғары емес

Көшбасшы

Астана қаласында барлық айыппұлдардың 83,6%-ы тексеру жүргізбей салынды. Павлодар облысында бұл көрсеткіш 42,1%-ға және Солтүстік Қазақстан облысында 28,9%-ға тең

17 өңірдің 14-де мұндай фактілер **табылған жоқ**

A5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысына қатысты түскен шағымдардың жалпы санынан

68%

қанағаттанарлық шешілді

Анти-көшбасшы

Қостанай, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында шағымдардың 80%-дан астамы бас тартумен аяқталады. Астана қаласында бұл көрсеткіш 100%-ға жетеді

Келіп түскен шағымдардың саны өте төмен, 17 өңірдің 9-да бұл көрсеткіш нөлге тең. Бұл ұсынылған деректердің дұрыстығына күмән тудырады

A6 индексі.

Барлығы ел бойынша

тәртіптік жауапкершілікке тартылған лауазымды тұлғалардың саны ескерту мен әкімшілік жаза алғандардан көп

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Астана қаласында және Ақмола облысында тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылыққа жол берген жағдайда жазалау шаралары ескертумен және тәртіптік жазамен шектеледі

лауазымды тұлғалардың әкімшілік

жазаларының **82%**

Ақтөбе облысына тиесілі



3.5. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

A1 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылауға жататын ЗТ және ЖК

4,42%

бақылауға және қадағалауға тап болды

Анти-көшбасшы

Ақтөбе облысы (18,9%), Алматы қаласы (15,4%), БҚО (6,9%) және Астана қаласы (6,9%)

Түркістан облысында ең төменгі көрсеткіш (1,2%)

A2 индексі.

Барлығы ел бойынша

қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған тексерулердің үлесі

49,5%

Көшбасшы

Анықталған бұзушылықтары бар тексерулердің ең көп үлесі СҚО (57,6%), Атырау, Түркістан облыстарына (55,1%), Алматы облыстарына (53,8%) тиесілі, бұл тәуекелге бағдарланған тәсілді тиімді пайдалануды растайды

Ақтөбе облысында ең төменгі көрсеткіш (37,6%)

A3 индексі.

Барлығы ел бойынша

51,7%

жазаға қатысты ескертулердің үлесі

Көшбасшы

Атырау облысы (90%), Шымкент қаласы (80%) және Павлодар облысы (75,5%)

Бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігінің төмендеуі байқалады



3.5. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

A4 индексі.

Барлығы ел бойынша

9,3%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі барынша төмен

Көшбасшылар

Солтүстік Қазақстан облысында барлық айыппұлдардың 39,3%-ы тексеру жүргізбестен салынды. Түркістан қаласында бұл көрсеткіш 13,8% және Астана қаласында - 4,5%-ға тең.

17 өңірдің 14-де мұндай фактілер табылған жоқ

A5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысы бойынша шағымдардың жалпы санының

76%

қанағаттанарлық шешім қабылданды

Анти-көшбасшылар

Шымкент қаласында шағымдардың 100 %-ы бас тартумен аяқталады

Ақмола (1 шағым) және Павлодар (15 шағым) облыстарында шағымдар 100% қанағаттандырылды. 17 өңірдің 14-де бұл көрсеткіш нөлге тең, бұл деректердің дұрыстығына күмән тудырады

A6 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылау және қадағалау туралы заңнаманы бұзғаны үшін бақылаушылардың жауапкершілігі жүйелік емес сипатта болады

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Ақтөбе, БҚО және Қостанай облыстарында тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылық жасаған жағдайда ескерту жасалады немесе тәртіптік жаза қолданылады

82%

лауазымды тұлғаларға қатысты ескертулердің барлығы БҚО үлесінде



3.6. САЛЫҚТАР

A1 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылауға жататын ЗТ және ЖК

0,9%

бақылауға және қадағалауға
тап болды

Анти-көшбасшы

Қызылорда (3,1%), Жамбыл (2,09%),
СҚО (1,7%) және Қостанай облыстары
(1,5%)

Шымкент қаласында, Алматы және
Түркістан облыстарында ең төмен
көрсеткіштер (0,3%)

A2 индексі.

Барлығы ел бойынша

37%
қорытындысы бойынша
бұзушылықтар анықталған
тексерулердің үлесі

Көшбасшы

Анықталған бұзушылықтары бар
тексерулердің ең көп үлесі Жамбыл
(79,7%), Маңғыстау (46,6%), Алматы қ.
(44,6%), ШҚО (42,0%) тиесілі

Алматы облысында барынша төмен
көрсеткіш (19,5%)

A3 индексі.

Барлығы ел бойынша

67,7%

жазаға қатысты ескертулердің
үлесі

Көшбасшы

Қызылорда (82,6%), Түркістан (76,1%)
және Павлодар (73,3%) облыстары

Бақылау-қадағалау қызметінің
репрессивтілігінің төмендеуі
байқалады. Ең төменгі көрсеткіш
Алматы (45,7%) және Жамбыл
облыстарында 27,40%



3.6. САЛЫҚТАР

A4 индексі.

Барлығы ел бойынша

68%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі барынша төмен

Көшбасшы

Алматы (99%), СҚО (99,2%), Қостанай (99,5%) Павлодар (97%) облыстарында барлық айыппұлдар тексеру жүргізбей салынды. Қызылордада бұл көрсеткіш 12,7%-ға, Түркістанда-17,6%-ға тең

17 өңірдің 5-де мұндай фактілер табылған жоқ

A5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысы бойынша шағымдардың жалпы санының

26%

қанағаттанарлық шешім қабылданды

Анти-көшбасшы

Қызылорда облысында шағымдардың 99% бас тартумен аяқталады

17 өңірдің 4-де бұл көрсеткіш нөлге тең. Бұл ретте республика бойынша барлығы 340 шағым түсті, ал ҚСЖАЕК деректері бойынша 347 шағым түскен. Бұл бақылаушы органдардың деректерінің дұрыстығына күмән тудырады

A6 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылау және қадағалау туралы заңнаманы бұзғаны үшін бақылаушылардың жауапкершілігі жүйелік емес сипатта болады

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Көптеген өңірлерде тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылыққа жол берген жағдайда ескерту жасаумен шектеледі

Атырау облысының лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

